

КЕЛЕШЕККЕ - КЕМЕЛ БІЛІММЕН!



БІЛІК



www.psu.kz

ГАЗЕТ 2001 ЖЫЛДЫҢ 2 СӘУІРІНЕН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің газеті

30 қыркүйек
қоян жылы, 2011
№ 9 (131)




Қазақ Журналист
қыздарының бағдаршамы

6
бетте

ЛИЧНОСТЬ,
ТРУЖЕНИК,
УЧЁНЫЙ



3
бет



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
ТОЙЫНА
ТАМАША ТАРТУ

7
бет

МҰСЫЛМАНДАРҒА
ҚАТАЛ ҚАРАЙДЫ



9
бет

ХАЛЫҚ АСПАПТАР
ОРКЕСТРІ БІЗДІҢ
УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ



11
бет



КЕМЕЛ ШАҚ

Мені әрдайым тағлымды әке мен ізетті бала арасындағы рухани байланыс һәм сабақтастық қатты толғандырады. Олай болуының өзіндік себептері де бар. Асқар әке бар ғұмырында жан-тәнімен халқының руханияты мен өнеріне, мәдениеті мен ұлттық мүддесіне қызмет етіп өтсе, өнегелі ұл әке аманатына қиянат жасамай, Отанына қалтқысыз адал қызмет етіп келеді.

Асқар әке деп тебіреніп отырғаным – жүректі ғалым Мұхтар Ғалиұлы болса, аманатқа адал ұл дегенім – сезімтал қайраткер Ерлан Мұхтарұлы.

Ақиқатында, Ақтөбе өңірінің қазақы рухпен тыныс алуына қызмет еткен Мұхаңа қарыздармыз. Ал Кереку-Баян жерінің қазақы ажар алуына үлес қосып жүрген Ерлан Мұхтарұлына да айтар алғысымыз зор.

Ерлан бауырымның Кереку еліндегі мемлекетшіл, отаншыл қызметтері көз алдымда. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне барысымен білек сыбана тау қопарды. Тау қопарғаны несі дерсіз?!

Оны мына ойымнан аңғара аласыз: ХХ ғасырдың соңы. Павлодар өңірі. Ағысында буырқанған толқыны жоқ қарт Ертістің ағысындай бір сарынмен өтіп жатқан жаймашуақ тіршілік. Жаңа ғасырға, яғни ХХІ ғасырға қол созым уақыт. Бұл – бәрі де асыға күткен уақыт, бәрі де үміт күткен уақыт.

Жаңа ғасыр өңірге жаңа тыныспен бірге, жаңа тұлғасын да ала келді. Иә, жанарында от жанған жанындағы әр адамның бойына болашаққа деген сенімді ұялата алатын осы тұлға келісімен бұл өңір жаңа серпіліс, қазақы рух өрлеу дәуірін бастады. Иә, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне ректор болып келген экономика ғылымдарының докторы, профессор Ерлан Мұхтарұлының бастамасымен небір көмескілене бастаған рухани ұлттық құндылықтар мен әдеби-мәдени мұраларымыз, жәдігерлеріміз тіріле бастады.

Содан болар, осы күндері, оны алдыңғы ардагерлер толқыны да, отты буын – орта толқын да, тегеурінді, тізгін қағыстырған онан кейінгі толқын да үлкен сапарға бет алған үкілі үміткер толқын да шын қадірлеп, шынайы құрмет көрсетеді.

Атаның ұлынан халықтың ұлына айналған Ерлан Мұхтарұлы Павлодарға келген сәттен-ақ талай дүлдүлдердің есімі халықпен қайта қауышты, табысты.

Ойымызды тарқата түссек, Кереку-Баян топырағының дарынды дарабоз тумаларына арналған ескерткіштер қарасы көбейді. Бұқар жырау, Мұса Шорманов, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әбікей Сәтбаев, Қаныш Сәтбаев, Ермұхан Бекмаханов, Әлкей Марғұлан, Әбікен Бектұров, Шағық Шөкин ескерткіштері (бюстер) соның айғағы.

Сонымен қатар, Ескелді

жерінде қазақ әдебиетінің ірі өкілі, ақын, шежіреші, тарихшы, ағартушы, публицист Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының кесенесі бой көтеруіне ұйытқы болды. Ал бүгінде Ақкөл-Жайылға жеріндегі Хазіреті Исабек ишан мен Жандарбек қожаның кешендік кесенелерінің бой көтеруіне атсалысып, бас болып жүр.

Екіншіден, данышпан даналарға арналған ғылыми еңбектер, монографиялар мен көп томдық әдебиеттер, ең бастысы, энциклопедиялар жарық көре бастады. Мәселен, «Қазақ этнографиясы кітапханасы» сериясымен 50 том, «Рухнама» сериясы бойынша ғұламаларға арналған 50 том, «Атамекен» сериясымен 15 том, «Қазақ тіл білімінің антологиясы» сериясымен 45 том, М-Ж. Көпейұлы шығармалар жинағының 15 томы (жоспар бойынша 20 том), Мәшһүр-Жүсіп пен Сұлтанмахмұттың тұлғалық энциклопедиялары және т.б. мол қазыналы, зор тағылымды әдебиеттерді айтуға болады.

Үшіншіден, ұлт келбетінің айнасы саналатын ономастика саласындағы сүбелі еңбектерінің нәтижесінде қалада ел қайраткерлері есімімен аталатын көшелер саны артты. Бұны көпшілік қауым да мойындайды. Соның ішінде Қ.Сәтбаев, Ш.Шөкин, Ә.Бектұров, Ә.Марғұлан атындағы көшелерді атауға болады.

Төртіншіден, Ерлан Мұхтарұлының елдік идеологияға сіңірген еңбегі де бір төбе. Олай дейтініміз, университет қабырғасында көне замандардың көкейкесті қоңыр әуенін әкелген қара домбыра шымырлап, шым-шымдап қадым замандар қағысын тартқан қобыз бен сан дауысты сырнайдың, дүркіреген дауылпаздың, сыбызғы мен ат тұяғының дүбірін еске салатын шартылдақ секілді халық тарихын тереңнен тербейтін аспаптардың басын біріктіріп «Естай» атындағы ұлт-аспаптар оркестрінің ашылуына септігін тигізгені өз алдына бір әңгіме десек, Ф.М. Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінде ашылған «Қазақ тілі мен мәдениеті» орталығы шет елдегі отандастарға деген қамқорлықтан туған шара деп ұғынамын.

Ал Ерлан Мұхтарұлының қазақ музыкасын әлемге әйгілі еткен «Дос-Мұқасан» ансамблінің құрметіне «Дос-Мұқасан скульптуралық композициясын» орнатуын оның өнерге, мәдениетке деген ілтипаты ретінде қабылдаймын.

Бесіншіден, танымал ғалым Ерлан Арынның білім-ғылым саласындағы заман талап етіп отырған істері монографиялық кітаптарға арқау болатындай. Дегенмен де, ел мақтаған ердің білім, ғылым саласындағы тындырған істері мен ғалымдық қасиетін айтпай кету орынсыз болар.

Қандай қызметте, қандай лауазымда жұмыс атқармасын, Е.Арын басты назарды әрдайым ғылым мен білім беру интеграциясы мәселелеріне арнайды. Қоғамдық құрылымның өзекті мәселелері бойынша негізгі теориялық дайындық, мәдени мүдделердің кең ауқымдылығы, отбасында негізі қаланған педагогикалық дәстүрлерге адалдық, бұл қасиеттердің барлығы оның мемлекеттік деңгейдегі әрекеттерінің тиімділігіне, нәтижелі болуына ықпал етті, яғни 1997 жылдан бастап ол Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау вице-министрі қызметін атқарудан бастау алады. Аталмыш министрлік қайта құрылғаннан кейін, 1999 жылдар мен 2001 жылдар аралығында Е.Арын – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым бірінші вице-министрі болып қызмет атқарды.

Республиканың ғылыми және білім беру потенциалын тиімді және сауатты пайдалануда, мемлекет тарапынан мұғалімдер мен ғалымдарды моральдық және материалдық қолдауда, оқу орындарын дамытуға және ғылыми зерттеулерге бөлінетін қаражат көлемін ұлғайтуда, инновациялық жобаларды қолдауда Ерлан Арын зор белсенділік танытты.

Иә, министрліктің басшылық қызметтерінде, жоғары мектептің және ғылымның жетекші топ-менеджерлері қатарында жұмыс атқару кезеңі сала дамуының болжамын нақты шынайы әрекетпен ұштастыра алатын Ерлан Мұхтарұлының мемлекеттік ауқымдағы қайраткер ретінде өсуіне елеулі септігін тигізді. Сол кезеңде оның тікелей қатысуымен Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне ену бағдарламасы дайындалып, өмірге енгізіле бастады. Барлық деңгейлер мен бағыттарды қамтитын мемлекеттік білім беру стандарты, Президенттік стратегияларға сай балалардың дарындылығын дамытудың басқару жүйесін құру, білім беру мен ғылымның интеграциясы, орта және жоғары білім беруді жақындату,

өскелең ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизмді дарыту – бұл мәселелердің шешімін табу айқын қалыптасқан және мақсатты бағытталған стратегияларды талап етті.

Ерлан Мұхтарұлы Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы», «Ғылым туралы» заңдарын дайындауға белсене қатысты, мектептерде компьютерлендіру үдерісіне, жаңа өскелең ұрпақтың оқулықтарын дайындау ісіне өзіндік зор үлес қосты. Жұмыс топтарының мүшесі және жетекшісі ретінде ол Қазақстан Республикасының білім беру, ғылым және денсаулық сақтауға қатысты жаңа заңдарын, сол сияқты ұлттық экономикалық және әлеуметтік бағдарламалар жобаларын, атап айтқанда, «Қазақстан оқулықтарының жаңа жеткіншектері», «Қазақстан Республикасында орта білім беруді ақпараттандыру», және т.б. халық шаруашылығы салаларын дамыту бағдарламаларын дайындауға айрықша үлес қосты.

Ерлан Мұхтарұлы Арынның үздік топ-менеджерлік қабілет-қарымын Керекудегі С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін өрге сүйреп, ұлттық аккредиттеу орталығының жоғары оқу орындарының қорытындысы бойынша Қазақстанның бес ең үздік көп салалы жоғары оқу орындарының бірі ретінде мойындауы және еуропалық стандартқа сай білім берудің жоғары сапасына қол жеткізуге жұмсаған күш-қайратынан көруге болады.

Яғни, Ерлан Арынның халқына, Отанына жасаған игі қызметінен тұлғалық қасиеті қалыптасқанын көреміз. Бір көргенде мінезі қатал көрінгенмен, жүздескен сәттен кейін жүрегінде ізгіліктің, білімділіктің, тапқырлықтың, адамгершіліктің бейнесі жаңғырады.

Бүгінде өзінің нағыз кемел шағына келген қайраткердің Отанымыздың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени өмірінде әлі талай іс атқаратынына сенемін. Өйткені, «қазақтың әр өлкесі – менің туған жерім», – деп жүрген азаматтың халқына берері көп.

Сол бойындағы қуатын халқының игілігіне жұмсауға жазсын.

Ғарифолла ЕСІМ,
философия ғылымдарының докторы, академик.
22 қыркүйек, 2011,
«Егеменді Қазақстан»



**«Кейде көз алды—
ма мейірімді жанғар
елестейді. Олар қысқы
даланың суық дауылы—
на ұрынып, топшысына
адасқан оқ туіп, қанаты
сынған балапанды тауып
алып, жүрек жылуымен
жылытып, сауықтырып,
алақан ұясынан көк
аспанға ұшырып жібереді
де өздері қызыға қарап
тұрғандай болады».**

Қанипа Бұғыбаева



«АҚҚУ-СЕНІМ» АЛДАМАЙДЫ БҰЛ ӨМІРДЕ-АЙ...

Жоғарыдағы жүрек тебіренісінен жұлынып шыққан шымыр ойлар олар жайында. Махаббаттағы іңкәрліктің, тазалықтың саф белгісі болған да осы қос жүрек. Жандарын желқайықтай шыр айналдырып, «аққу сенімдерін» тек бір-біріне білдірген де олар. «Аққу ғұмыр» көшіп, келешекке «аққу сеніммен» қараған да екеуі... Негізі екеуі жайында бөлек жазсақ та, сөз сарқылмастан сыңғырлай беретін еді. Себебі аталмыш жандардың екеуі де ел есінде мәңгіге қалған маңызды тұлғалар. Бірақ олар жайында бөлектеп жазатын болсақ, қан майданда қанды жарасын жарына деген жылы сезіммен таңған Әбу ақынның іңкәрлігінің алдында борышты боламыз да, журналистика сияқты сиясы сынға көп ұшырайтын қиын да қастерлі саланың қайраткері болса да, жар алдындағы алып міндеттерді ұмытпаған, қалам қызметінде жүрсе де, үй ішіндегі «іңкәрлігін» жоғалтпаған Ләзизадай ләзім сұлудың алдында ақтала алмаймыз ғой...

*Сағынышымның ақша бұлтты боп,
Қалықтап тұрдың көгімде
Ақ жарқын бейнең аяулым,
Сақтаулы көңіл төрінде...*

Әбекеңнің аялап ардақтаған жары — Ләзиза анамызға от пен оқтың құшағында жүріп арнаған жүрек жырлары күні бүгінге дейін жұрт жадында, жазбалар тізімінде. Әбу атамның алпауыт жырлары мен өмірлі өлеңдеріне көңіл бөлген

адам шағын шумақтарынан-ақ, оның «мәңгілік» махаббаты болып қалған жұбайы Ләзизаның асқан ақылдылығы, ұядағы ұқыптылығы, қызметтегі қайсарлығы, қоғамдағы қадірі, жұртқа деген жанашырлығы, жатты да жақынды да жүрегінің жылуымен жанына ізбасар етіп ілестіре алатын көпшілдігі жайында мақтанышпен айтатынын түсінуге болады.

Аяулы қосағынан 77 жасында айырылып, қабырғасы қайысқан ардагердің қалай аза тұтып, жоқтау айтқанын жұрт көрмесе де біледі, естімесе де оқиды. Қазақ поэзиясында іңкәр махаббат мен ғәділетті ғашықтықтың символын бейнелеген теңдессіз «Ақша бұлт» жырының майданның қанды ұрысында жабырқаған жауынгердің жанына жылулық ұялатқан да Ләзизасының образы еді ғой. Әбекең үшін Ләзкені теңдессіз тұлға еді. Ол оны көмекші, кеңесші, жанашыр, сыншы деп те жақсы бағалады. Ол оған қазақ әдебиетінің тарихына алтын әріптермен басылып, бағына «бес елі» болып белгіленген шығармаларын тексеруді жөн көретін. Ол Ләзкенімен әр туындының тұңғығына бойлап, осы құдіреттіліктің құлашына қол бұлғайтын.

*Әрқашан өзің болдың сағынарым,
Мөл-мөлдір қасиетіңе табынды арым,*

*Келдің сен бақытымның ақ құсы боп,
Көркейтіп Сәрсенбайлар шаңырағын...* деп дәйек келтіреді Әбекең әдемі түрде. Бірақ бұл тек қана ұйыған ұйқас, әдемі әспет үшін жазылмағаны ақиқат. Бұл — қазанының оты көпшілік алдында маздайтын, үлкенді үлгілі келін болып сыйлап, кішіге жайдарман жеңге бола білген Ертістің еркесі мен Жайықтың жеңгесінің тұлғасына тоқталған толқынды да арынды жырлар. Жыр — жүрек түкпірінде тығылған сезімнің сыртқа шығып, қылаң беретін құрал. Ол ешкімнің айтқанын тыңдамайды, асыра сілтеп сыланбайды, сарсаңдыққа да салынбайды, ол тек қана барын бейнелейді, сезгенін сипаттайды. Онда жоғарыдағы жырлар да Ләзизасының қадірі мен абыройын тек туысқандарының ғана емес, бүкіл оқырманының алдында асырғаны айдан анық. Бар болғаны төрт жолдан құрамдалған мына тармақтарға қанша мән, нендей мағына, қандай

керемет іңкәрлік жатыр. Егер Әбекең Ләзизасын осынша сүймесе, аялама-са, сенбесе осындай адуынды абзал сезімдер өлеңге айналып, әдемілікпен өрілер ме еді? Жалпы, «Аққу сенім» жұптар жайында жеткілікті жандар газет беттері арқылы сыр шертті. Олар жайында әлі де талай дүниелер құнды тарих, әсем әңгіме болып жазылып жатыр. Мәселен, Ләзиза анамызды өзінің тәлімін алып, тәрбиесінде болған інісіңкілері ерекше естеліктермен еске алып тасқанды туындыларға қалам тербеді. Әрине әрбірінің сөзі мен тілі бөлек, бірақ олардың түрлі сөздерін бір арнаға тоғыстыратын нысан біреу — Ләзизаның өз балапандарының ғана емес, өзгелердің де анасы бола біліп, қанатының астында аялап мәпелегені жайындағы ақ ақиқат. Қазақ халқы Домалақ, Ұмай, Ұлпан, Зере, Ұлжандай асқан ақылдылығымен отбасының ошағын берекелі маздатқан аналарға бай. Солардың жанды жұрнағы болып өз кезегінде Ләзиза анамыз да жалғанды. Әбу атамның көзіне де, көңіліне де жағымдысы да осы қасиеті еді, ол сол үшін де қастерлі болды.

Ләзизасы қиын қызметінен кешігіп жатса, Әбекесі құр отырып күтпейді сүйіктісін. Мұндайда сазан балықтарын тазалап, қолынан келгенше аспаздығын айқындайтын. Ас барысында Ләзкеніне арнаған жырларын жан жүрегімен оқитын. Апайымыз оны аңғал көңілмен, ерекше елжіреп тыңдайтын. Мұның өзі махаббатқа табыну ғой, шынында.

Аяулысынан айырылып, тіршілігін жоқтау туындыларына тәрк еткен жаралы тарланға не дерсің? Жарты жүрегін жер құшағына беріп, үзіліссіз ойға шомып, ардақтысының назды дауысымен пара-пар болған әндерін сағынушы еді. Өткенге зер салып «Ләзкен, ән айтшы» - деген өтінішін де сағынатын Әбекең. Олар ешқашан да бір-бірінің өтініштерін өксітіп қойған емес. Бір-біріне жолданған өтініш-тілектері бұлжымай орындалатын. Бұл да бір ерекше қарым-қатынастың көбінде кездесе бермейтін қасиет.

Әйелге жан-жақтылық жарасады әдемі. Бірақ бірде көл, бірде шөл тұстарға тірелетін әйелдің тағдыры да тым қиын. Ал Ләзиза анамыздың журналистік жолы, аудармашылық қызметі, жазу өнері қаншалықты қиын болғанымен, ол ең бастысы аяулы жар бола білді. Жар жолында түзу айрықпен жүрді, сүрінсе де жүрді, құласа да тұрды. Нық тұрды. Әбудей алпауытының марғасқа махаббатының алдында осынысымен қадірлі болды. «Аққу ғұмырдың» аққу сеніміне айналған сыңғыр сырластар мен жұбайлы жұптар жұртпен жылдар бойына тілдеседі тегінде.

Эльмира АБЕТЖАНОВА.

Сөз құдіреті

«Артыңда мал қалғанша, ұрпағың айта жүрер сөзің қалсын» деген дана қазақтың бүгінге жеткен ұлағаты мол сөзіне бір тоқталып өтпесек болмас. Өз заманында қазақ қоғамындағы ақпаратны, әдебиет саласына зор үлесін қосып бүгінге жас журналист арулардың піріне айналған Ләзиза Мешітбайқызы Серғазина. Талғамы таумен таласқан құрметті оқырман қауым, Сіздердің назарларыңызға Ләзиза Мешітбайқызының артына қалғарыған тағылымы мол сөздерін ұсынып отырмыз.

Әсем болудың сан алуан түрі бар. Түр әсемдігі, киім әсемдігі, рухани ой әсемдігі, тағы-тағылар. «Тіл — көңілдің тілмашы» - деген сөз тегін айтылмаған. Ой әсем, маңындағы болмысты әсем түсіне қабылдай алатын адамның сөзі де, жүріс-тұрысы да, киімі де, істеген ісі де әсем.

Жас ұрпақтарға эстетикалық тәрбие беру, әсемдікті дұрыс қабылдап, дұрыс түсіне білу дегенде тек әдебиетті, театрды, музыканы, киноны, архитектураны ғана емес, бала маңындағылардың қалай киініп жүргені, өзін қалай ұстай білетіні, қалай сөйлейтіні де еске алынады. Мұның бәрі де баланы мәдениеттілікке, әсемдікке баулиды.

Адам адамға дос, жолдас және бауыр.

«Мен» деген өркімнің өзіндік ой-пікірі болады ғой. Әсіресе бізде — адамның өзіне, істейтін еңбегіне, болашағына сенімі бар.

Адамға жаратылыс тіл берген. Нәзік сезім берген, өз сезімін басқаға сездіре алатын ақыл, ой берген. Бұлар пайдаланылмаса, адам адам ба?

Білімі, дүниеге көзқарас, мәселені түсінуі осы күні әйелдердің талайынан жоғары, үздік адам.

Көңілдегі ойдың ізі құбылып бетке шығып тұрады. Ойында жарқышақтық, реніш бар, бар болмысқа да бой ұсынып отырған адамның өзінде жабырқау үзілмейді. Ал өмірге шат қарайтын жақсылығына, жақсылығымен ілесу, мүмкіндігінше үлес қосуға тырысатын адамдар шат көңілде болады.

Жақсы адам, жақсы жолдас - көңіл тірегі ғой. Олардың болуы өмірді, тұрмысты көріктендіріп, уақытты тартымды, көңілді өткізеді.

Бір мінезді күлімдеген күн болса, екінші бір мінезі жан түршігерлік түндей адамдар болады. Ондай адамдардың жақсылығында береке, жаман мінезінде мөлшер болмайды. Ашуланса-ақ елі ауызға өтірік пен жынды араластырып ауызына келгенді көптіре беру не жақсылық болсын! Не семьяда, не кеседе мөлшер білмеудің аты — ешкімді, ешнәрсені қадірлей білмеу ғой.

Көңілсізбін. Күзгі парк та менің көңілім сияқты күңгірт тартып, өңі қашқан сары жапырақтарын көз жасындай төгіп тұр екен.

Өзірлеген Сания БУКЕНОВА.



ЛИЧНОСТЬ, ТРУЖЕНИК, УЧЁНЫЙ

50-летний юбилей видного ученого в экономической политологии, академика Национальной инженерной академии РК, действительного члена ряда международных академий, доктора экономических наук, профессора, лауреата государственной премии «Дарын», ректора ПГУ имени С. Торайгырова, кавалера орденов «Ана тілінің айбары», «Құрмет», ордена имени Ломоносова Ерлана Мухтарұлы Арына торжественно отметили вчера на расширенном заседании ученого совета ПГУ.



В актовом зале самого крупного вуза области собрался весь ученый совет, руководство и общественность Павлодара, представители ассамблеи народа Казахстана Павлодарской области, прибыли гости из столицы и других городов - сенаторы, ученые, представители Министерства образования и науки. Первым юбиляра поздравил аким области Бакытжан Сагинтаев. Он зачитал Благодарность Президента страны, в которой Глава государства отметил значительный вклад Ерлана Арына в развитие науки и образования республики, обеспечение повышения уровня высшего образования в возглавляемом им университете, нерав-

поэтесса Фариза Онгарсынова, писатель Музафар Алимбаев, доктор филологических наук, директор Президентского культурного центра Мырзатай Жолдасбеков, академик Кенжегали Сагадиев, ректоры крупных университетов, научных центров страны и другие. В этих приветствиях и поздравлениях - слова признания заслуг Ерлана Арына как крупного ученого, талантливого руководителя-организатора, хорошего менеджера.

Поздравить Ерлана Арына с 50-летием из Астаны приехали два сенатора - Гарифолла Есим и Асхат Кузиков. Гарифолла Есим в своей поздравительной речи назвал его личностью, человеком, который, где бы он ни работал, создает условия для развития, открывает таланты, путь для дальнейшего роста отрасли. В качестве примера он назвал институт развития Казахстана, который возглавил Ерлан Арын на заре независимости, будучи еще молодым ученым, уже тогда предвидя, какие кадры нужны республике для становления государственности. «И теперь выпускники института занимают ключевые посты и состоялись как политики, экономисты, строители государства», - подчеркнул сенатор.

«Самым мудрым и ослепленным депутатом» назвал Ерлана Арына



нодушное и бережное отношение к истории и литературе края и пожелал дальнейших успехов, крепкого здоровья и благополучия его семье. По поручению Президента аким области вручил Ерлану Арыну знак «Золотой барс». Бакытжан Сагинтаев отметил, что профессор Арын не только большой ученый, внесший вклад в науку и образование страны, в течение многих лет он ведет активную общественную работу в качестве председателя штаба по выборам Президента страны. С этими словами глава региона вручил юбиляру Почетную грамоту и поздравительное письмо от первого председателя НДП «Нұр Отан» Н. Нигматуллина. Бакытжан Сагинтаев, вспомнив о годах учебы в одном вузе с юбиляром - КазГУ, назвал его другом, старшим товарищем, который всегда оказывал поддержку молодым студентам, ученым советами подсказывал путь к науке, защите научных трудов. Были отмечены и достижения Павлодарского госуниверситета имени С. Торайгырова, который вот уже десять лет успешно руководит профессор Ерлан Арын.

В этот день поздравления и самые теплые пожелания в адрес юбиляра поступали отовсюду, ученого поздравили многие известные люди, политики. Среди них министр образования и науки Бахытжан Жумагулов, министр культуры Мухтар Кул-Мухаммед, аким Астаны Имангали Тасмагамбетов, аким ВКО Бердибек Сапарбаев, заместитель председателя Мажилиса Владимир Бобров,

секретарь областного маслихата Ринат Гафуров, отметив, что в сложных ситуациях, депутатских дискуссиях они прислушиваются к мнению ученого, профессора.

Искренние, сердечные слова поздравлений, пожелания от гостей сопровождалась яркими концертными номерами в исполнении студенческих музыкальных коллективов и артистов области.

Ерлан Арын выразил глубокую благодарность акиму области, ученому совету, всем своим гостям за такое внимание и сердечные поздравления и заверил, что Павлодарский государственный университет будет и дальше радовать жителей области новыми достижениями.

А. САГИТОВА.

ИСТОРИЯ В СИМВОЛАХ

Конкурс на знание государственных символов Республики Казахстан «Қыран елім» прошел в Павлодарской области. Организовал это мероприятие Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова. Доказать свои знания, продемонстрировать патриотизм, а также побороться за призовой фонд в сто тысяч тенге решили около двух тысяч жителей региона, но сильнейшими оказались три павлодарские госслужащие.

ДУХОВНОСТЬ

Как рассказала директор музейного комплекса ПГУ Гульнара Рахимжанова, в рамках мероприятий, посвященных 20-летию независимости Казахстана, университет выпустил сборник тестовых заданий на знание государственных символов РК, причем этот сборник сертифицирован, он прошел соответствующую экспертизу. Издание подобного рода было выпущено в Казахстане впервые: в сборник вошли 500 тестовых вопросов с набором предлагаемых ответов и ключами, подготовленных ведущими учеными ПГУ. Именно на основе этого тестового сборника был проведен и конкурс, причем изначально предполагалось, что в нем примут участие только лишь государственные служащие, которые по роду своей деятельности обязаны знать в деталях историю госсимволов, законодательство, связанное с ними, технические требования, правила размещения символов и так далее. Однако уже на первом этапе стало ясно, что в числе желающих участвовать немало студентов, школьников, педагогов и представителей других специальностей, и все же больше всего было именно сотрудников государственных ведомств.

Конкурс состоял из двух этапов, которые проходили в интерактивном режиме: необходимо было на веб-портале ПГУ перейти по ссылке «конкурс» и ответить на вопросы. Сделать это можно было, находясь в любом уголке мира, при помощи Интернета, но для желающих предоставлялись и места в компьютерных залах ПГУ. В первом туре требовалось ответить на 30 вопросов по истории государственных символов, законодательству, и те участники, которые справились как минимум с 50 процентами тестов, автоматически переходили во второй тур. Кстати, по словам Г. Рахимжановой, за объективность результатов отвечала не только техника, но и компетентное жюри - представители ПГУ, управления внутренней политики, областного музея литературы и искусства имени Бухар жырау. Естественно, что в первом туре предлагались вопросы попроще, но и они оказались довольно серьезным испытанием для жителей области - во второй тур были допущены лишь 63 человека, в основном павлодарцы, а также представители Успенского района. Финалисты уже отвечали на 20 более сложных вопросов, которые касались в том числе и новейшей истории Казахстана. Кстати, в этом туре применялась и более усложненная система тестов - к каждому вопросу можно было подобрать не по одному, а по нескольким ответам, для того, чтобы ответ получился наиболее полным. Естественно, что учитывалось и время, потраченное участниками на тестирование. Именно этот показатель и помог выявить победительницу, которой стала сотрудница управления природных ресурсов и природопользования Дана Жарылгасова: она набрала 84 балла, не справившись лишь с парой вопросов, однако сделала это быстрее своей соперницы. Лола Адиевтоллаева из департамента статистики набрала столько же баллов и заняла второе место. Замкнула тройку призеров сотрудница управления архивов и документации Асель Баянова, которая смогла набрать 82 балла. Эти госслужащие и разделили между собой призовой фонд: победительнице вручили 50 тысяч тенге, обладательнице второго места - 30 тысяч, третьего места - 20 тысяч.

Как заверяют организаторы, этот конкурс может стать традиционным.


Е. ГРИЩЕНКО.



По материалам газеты «Звезда прииртышья»



Исабек Ишан хазірет



Алланың сүйген құлы...

НЕМЕСЕ

«Алла жалғыз, Мұхаммед (с.ғ.с) оның елшісі», - деп иман келтірген исі қазақтың бір арманы болады екен. Бірақ, «мен мұсылманмын» деген пенденің бір арманы кейде өзгенің жетегінде кетсе, кейде пенделік ұпай түгендеуден аспай жатады. Ал, асқақ арман ол Алланың сүйген құлы болу. «Алла» сөзін аспандатып, тамырын дінмен жалғап жаратушы бір Аллаға құлдық ұрған қожалар ұрпағы кімдер? Қазақ жерінде ислам діні өркендеп кең қанат жаюына қосқан үлестері қандай? Исабек Ишан Хазіреттің көріпкелдік, діндарлық, ғұламалық қасиеттері қанша атадан жалғасын тапқан?, - деген сияқты үлкен ұштаған сұрақтың орнын тауып көрейік...

Қазақстан мен Орта Азияның ортақ дін, яғни ислам дінін мейлінше насихаттап кең таралуы Исабек Ишан хазіреті әулетімен тікелей байланысты.

Сонау исі түркі баласының діни жүрегі, ислам тірегі боп саналған Өзбекстандағы Бұқар шаһарынан бастау алған. Исабек Ишанның әкесі Мұрат Ишан Бұқар Шариф медресесінде оқып 300 шәкірттің арасынан ислам ғылымында жарық жұлдыздай елден ерек шығады. «Алла» сөзін жаттап қана қоймай, бір табан болса да, Алла жолына аттап үлгерген 20 жасар Мұрат Ишанды ұстазы қазақ жеріне жібереді. Әрине құдайдың көзі оң қараған қаршадай жігіт ислам дінін қазақ жерінде насихаттап, шәкірт тәрбиелеуге келісім береді. Бойындағы көріпкелдік, асқан дарын, ғұламалық, әулиелік қасиеттер қожалар ұрпағындағы Исабек Ишанның әкесі Мұрат Ишаннан дарыған. Дүниеде не болмайды? Адамға апат айтып келмейді, сол себепті Алла деп алақан жайған Мұрат Ишанды Алла тағала құтқарып отырған. Алла деп жүрекпен сенген құлын құдайда құр алақан қайтармай асқан әулиелік-тәуіптік қасиеттер дарытқан. Қожалар кімдер? Сонау кеңес одағының қаһарын қатты ғып, дінсіздікті төтті ғып тұрған заманда, Алла түгіл ата деп айтуға тиым салған. Осындай қыспақта қазақ жеріне ислам діні ауадай қажет болды. Бұл сөзбен қазаққа ислам діні бұрын болмады ма дегеннен аулақпыз. Дер кезінде науқасқа ем-дом жасалмаса, сырқаты асқынып немесе өліп те кетуі мүмкін. Осы сияқты антиисламдық үрдіс жүре бастағанда, шоқыну қазақ жастарын орыстандыру саясаты қатты белең алды. Діні мен тілінен адасқан ел енесіз қалған жетім қозыдай болады. Ал жетім қозыны кім болса да жетекке алып жүру жеңіл. Діннен айрылған халықта, мүжілген салт-дәстүр, тұрлаусыз тіл, анасыз бала, санасыз дана, киесіз қария, иесіз дария болмақ. Қожалар ұрпағы ислам ағымын қазақ жеріне алып келді. Және де соңғы демі біткенше кең көлемде уағыздап, Алланың ақ жолында күресе білді.

Алланың үйін ат қорағып қазақтың тәнін емес жанына ауыз сала бастаған алапес атеист құдайсыз топтардың тырнағынан иман гүлін аман алып қалған Исабек Ишан хазіреттің ұрпақтары. Киелі Ертіс-Баянға әйгілі болған әулие Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, тікелей Исабек Ишанның

шәкірті. Қазақ жерінде қатарынан асып туып қасиет дарып екі дүниенің рахымына жететін Алланың сүйген құлдары өз заманында жақсылық жемісін еге білді. Баянауыл баурайында тұрып жатқан Исабек Ишанның түсінде «Сен Ақкөл жайылмаға» бар деген аян келеді. Әр бағытында атасы Мұрат Ишан түсінде бағдар сілтеп жол көрсетіп отырған. Ерtesінде Исабек Ишан Ақкөлге қоныс аударып Қылдыкөлге табан тірейді. Бұл да жайдан-жай қоныс емес екені баршаға аян. Адамның туған жері мен орналасқан ошақ қасының өзі көп рөл атқарады. Сол жердің суы да, дала мен тасы да адам болмысына үлкен әсер тигізеді. Исабек Ишанның да осы ортада түбегейлі қызмет жасап, дін таратуына да жайлы болатынын әкесі түс арқылы көрсете білді. Қожалар ұрпағы күні бүгінге дейін қасиетті ортада қызмет жасап ислам дінінің өркендеуіне көп үлес қоса білді. Исабек Ишанның әкесі Мұрат Ишан, өзінен Нұрмұхаммет, Нұрмұхамметтен Қожахмет, Қожахметтен Айдарбек, Жандарбек тарайды. Яғни қожалар ұрпағы үзіліссіз Алланың арқасында дін мұсылман баласына қалтқысыз қызмет жасаған.

Исабек Ишанның шөбересі Жандарбек жожада дін таратып, дуалы ауызды қасиет дарыған ата-баба ұлы ісін жалғастырушы. Негізінен, қожалардың ықпалы бір ғана Кереку өңірі емес, күллі қазақ еліне әсер етті. Дін жорығы сонау араб елінен бастау алса, сол сара жолдың көшін бастап келген қожалар ұрпағы қасиетті де құдіретті. Бір ғана адам арқылы Алла тағала көптеген пенденің тілегін орындап, жазықсыз жандарды қорғап, үлкен апат, дертті осы қасиетті әулие көріпкелдер арқылы жүзеге асырды. Дәл қазіргі қазақ еліне келер болсақ, дінде көп, дін таратушылар да жетерлік. Бірақ осыдан төрт ғасыр бұрын бір адамның айтқаны мың адамның жүрегіне жеткен және сол арқылы қазақ елінің өз діні мен дәстүрін наным-сенімін сақтап қалды. Бүгінгі қоғамда не жоқ бәрі бар, соған сай бір адам ислам дінін уағыздаса, екіншісі, керісінше діннен тайдырады. Дегенмен де, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», - деп Абай атамыз айтқандай ақ жолымыздан Алла айырмасын және айрылмайық... Әмин!

Әміржан БОЛАТХАНҰЛЫ



Алтынбек МҰҚЫШЕВ
Павлодар қаласы.

Құбыладағы Жыр (Исабек Ишанов рухына)

Бисмилля...
Құлы ең рахымды Алланың
Аян ед дінге тақымдалғаның.
Өзіңдей жанды күтумен жүрмін
Заманның көріп зақымдалғаның.

Аузында жүрген дүмше молданың
Иманым бар ед...кіршең ол дағы.
Итжығыс күннің ит бектеріне
Ит болып бір сәт үрsem болғаны.

Намазсыз күннің назынан күрең
Жарадар жаным қажыған, білем.
Алла атымен «алып қоятын»
Шығып жүр елден қажылар кілең.

Соңы бұл емес сірә, масқарамның
Дініне Хақтың дұғалас балаңды
Демей көр бабам, онсыз да жүрмін
Қолынан қорқып құран ашпағанның.

Мақшар таң шашқан арайында өлең
Жазса Алла бізге... жазайын деп ем.
Мазарыңа барып, бабам өзіңнің
Үшкіртіп өзімді алайын дегем...

Бисмилля...
Құлы ең рахымды Алланың
Аян ед дінге тақымдалғаның.
Дүние – дінсіз... ар жағын айтар
Менде де баба ақыл қалмады...

Бес күнде адасқан соқыр пенденің
Ақырет сынды – ақырғы арманы...



Әміржан БОЛАТХАНҰЛЫ
Екібастұз қаласы.

... gingi bergi

Алла деп, алақанға - жаным жаям,
Ақ нұрға «Алла» деген жаным, боян!
Самарқаннан аяндап Ақкөл келіп,
Ишан исін иіткен Ертіс-Баян.

Иман жисаң құраннан теріп берді,
Исламға, Исабек еріп берді.
Алла деп ақ жүрек уысына,
Нұр құйып намаз, жәннәт көрік берді.

Ишан еткен иманы - Исабектің,
Хазіреттің атында хиса көп мың.
Адам үшін Алладан дұға тілеп,
Дін дінгегін жайнатқан Иса көптің!

Құдай қолдап жіберген, Қожаларым,
Аллаға қол ақ болмай соза алар кім?!
Тазаларым, осы ғой дін таратып,
Күнәсіз-ақ көп көрді жазаларын...

Кәпір қысты құлатып Алла үйін,
«Құдайсыздық» құрт тесті алма миын.
70 жылдай Алла үйін ат қора қып,
Астапиралла, деді ме малға сиын!

Мекен қылды хазірет Қылдыкөлдi,
Ақ жолында адуын сынды көрді.
Қожалардың әулеті әлем шарлап,
Мыңды берді,
Дінсізге дінді берді...Иншалла!

Ақпарат айдыны

6



циалистік Қазақстанда» жиырма жыл істеген тәжірибелі журналист Ләзиза Серғазина шақырылады. Осы кезде Ләзиза апамызға достары «Барма, баспасөздің не екенінен хабарсыз жас коммунист қыз редактор да жиырма жыл тәжірибең бар сен хатшы ғана болғаның не?» – деседі. Ләзиза өзінің салиқалы мінезімен достарына рахмет айта отырып, өзінің шешімін былай жеткізсе керек: «Достарым, басшылыққа өзім де құмар емеспін.

кейін Әбу атамыздың «Ғасыр мен ғасыр беттессе» атты кітабында «Ләзиза менің жарым емес, кеңесшім де, көмекшім де еді. Ол көрнекті журналистермен бірге кезінде өзі де өлең жазды. Кейін өлеңді бір жола қойып, төл әдебиетімізді көркем аудармашылығымен байытып қарымды қаламгерге айналды. Менің бүкіл еңбегім алдымен Ләзиза марқұмның сынынан өтетін», – деп ағынан жарылғаны бекер емес. Қос дарынның шынай махаббатын көпшілік

Қазақ «Өлі разы болмай тірі байымайды» geuі. Kueli Kereku жерінің тумасы, қазақ қыздарынан шыққан алғашқы кәсіби журналист, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, аудармашы – Ләзиза Мешітбайқызы Серғазина өз заманындағы ақпарат әлеміндегі арпа ішіндегі бір бидайы болатын. Аналық аппақ жүрегімен бесігін, сиялы сырғымен қоғамын тербеткен апамыздың құрметіне қыркүйек айының 20 Жұлдызы күні оқу ордамыздағы Л.Серғазина атындағы баспасөз орталығынан Ләзиза Серғазинаға арналған экспозициялық мұражай ашылды.

Ләзиза Серғазина – қазақ журналистикасының қарлығашы

Мұражайдың ашылуына қол ұшын созып, мұрындық болған оқу ордамыздың ректоры Ерлан Мұхтарұлы Арынмырза. Келер ұрпаққа берері мен айттар сыры мол, құнды дүниені көзінің қарашығындай сақтап бүгінгі күнге жеткізуші қос алып тұлғаның қызы Райхан Әбуқызы Сәрсенбаева екенін де атап өткен жөн. Мұражайдағы Ләзиза апамыздың өз қолымен ұстаған әрбір затының қаншама құнды, әрі тарих үшін маңызы зор екені баршамаызға мәлім. Мәселен, мұражайдағы Л.Мешітбайқызының жеке заттары, соғыс жылдарында жазылған хаттары, фотосуреттері, әшекей бұйымдары, киімдері, кітаптары, қолжазбалары мен күнделіктері, баспа машинкасы... міне, бұл заттардың өзі үлкен бір тарих.

Мұражайдың салтанатты тұсаукесер рәсіміне Ләзиза апамыздың туыстары Қамар Мусалимова, Қуантай Нүкішұлы мен зайыбы Зекен Жүсіпова және Кереку өңірінің маңдай алды журналистері мен болашақ Ләзиза Серғазинаның ізбасарлары жас журналистер қатысты. Сексеннің сеңгіріне шықса да әке мен ана алдындағы перзенттік борышын орындап, ұлттық төл мәдениетімізге барынша үлес қосып жүрген Райхан Әбуқызы өзі келе алмаса да, арнайы құттықтау хатын жіберді. Хатта «ҚҰРМЕТТІ ЕРЛАН МЫРЗА! Өзіңіз басқаратын іргелі білім ордасы – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде қазақ қыздарынан шыққан алғашқы кәсіби журналист, менің анам Ләзиза Серғазинаның құрметіне мұражай ашылғалы жатқанын естігелі бері, қуанышымда шек жоқ.

Біздің қазақ халқының «Өлгенім

тірілді, өшкенім жанды» деген қанатты сөзі бар, шынында да анамыздың атын тірілтіп, ел үшін еткен еңбегін ескеріп, шығармашылық ғұмырын бүгінгі жас ұрпаққа үлгі етіп, жарыққа шығаруға ниеттенген екенсіздер. Қолға алған игілікті істеріңізге үлкен табыс тілеймін! Еңбектеріңіз жансын!...» деп аналық ақ тілегін ақтарған. Салтанатты жиын барысында сөз алған туысқандары Ләзизаның адамгершілігі қақында сөз қозғаса, көзін көрген ізбасарлары тек журналист қана емес, өздерінің аналарындай болған асыл жан деп еске алысты. Ал болашақ журналистердің атынан шыққан Елена Гаркава өзге ұлттың ұланы болса да қазақ тілді БАҚ-қа өз үлесін қосқысы келетінін атай отырып, мұражаймен қатар Павлодар мемлекеттік университетінде Ләзиза атындағы жас журналистер клубы ашылса деген тілегінде ортаға салды. Сондай-ақ,

«Әрқашан өзің болдың сағынарым, Меп-мөлдір қасиетіңе табынды арым.

Келдің сен бақытымның ақ құсы боп, Көркейтіп Сәрсенбайлар шаңырағын...» деп жырлаған Әбу Сәрсенбаевтың жары Ләзизаға арнаған өлеңдері де оқылды.

ҚОС ҒАСЫРДЫҢ ЕРКЕСІ

Ләзиза Серғазина қызмет атқарған «Әйел теңдігі» кейін «Сталин жолына» айналады. Бірақ соғыс нәубетінің кесірінен, біршама уақыт жабылып қалған әйелдер журналы барша қазақ халқының қуанышына орай қайта жарыққа шығады. Журнал редакторы болып партия қызметкері, жас коммунист Хасиба Сейтқазиева тағайындалса, хатшылыққа «Со-



Менің әкем қажы болғандықтан партия мүшелігінде жоқпын, сондықтан басшы жұмысқа жібермейді. Өзім де оған тырыспаймын, қайта осы жұмысқа баруға бел байладым. Балаң редакторды өзім тәрбиелеймін. Менің көргенім көп, тәжірибем жетерлік. Оны қазақ қыздарын, қазақ әйелдерін тәрбиелеуге жұмсауға тиістімін. Бұл жұмыстың қолымнан келетіндігіне сенімдімін, сендер де сене көріңдер», – деген екен.

Иә, шын мәнінде Ләзиза Мешітбайқызы тек өз заманының ғана қыздарының мұңын мұңдап қана қоймады, оның сырлы сиясынан шыққан әрбір дүниеде бүгіннің де шынайы шындығы бар.

Ләзиза апамыз өмірден өткеннен

жұрт «аққу ғұмыр» деп атауының өзінде үлкен сыр бар. Өмірін өлеңімен өрнектеп, өлеңін Ләзизасымен көркемдеген Әбу атамыз от пен оқтың арасында жүріп те махаббатының шынайылығын өлеңдерімен тасқа қашап жазып кетті.

P.S. Қазақ әдебиетінің шоқжұлдызы Әбу Сәрсенбаевтың шығармашылық жолындағы бағдаршамы болған Ләзиза Мешітбайқызы болашақ жас журналистердің де биік шыңға бағыт алар бағдаршамы болмақ. Өнерім деп жүріп өмірін, өмірім деп жүріп өзін ұмытатын жастарға қос жұлдыздың тағдыры тазалық пен сыйластықтың үлгі болса, қуаныш!

Қарлығаш ХАШЫМҚЫЗЫ.



Ақпарат айдыны

7

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТОЙЫНА ТАМАША ТАРТУ



Білім мен ғылымның қара шаңырағы саналатын оқу ордамыз – да ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған бірқатар маңызды шаралар өтті. Қазақ мұндай сәтті «ақ түінің қарны жарылған күн» дейді. Білім ордамызда ұйымдастырылған ауқымды шараларға университеттің студенттері мен оқытушылары, облысымыздағы этно-мәдени бірлестіктердің өкілдері мен мәртебелі меймандары қатысты.

стика ардагері Төлеубек Қоңыр жас журналистердің еңбегіне жеміс тіледі. Жиналған қауым радио бөлмесін аралап, «тілек кітабына» қолтаңбаларын қалдырды. Жаңа радионың тұсауын Идият Әбдіхалықов пен студенттік ректор Данияр Ақышев кесті.

Бұған дейін «КДМ FM» деген атпен жұмыс істеп тұрған радио енді 13 сағат бойы университеттегі, облыстағы, республикадағы, төрткүл дүниедегі хабарларды таратады. Мұнда журналистика кафедрасының студенттері хабар жүргізеді. Университет табылдырығын биыл аттаған Тимур Ахметовтың айтуынша, білім ордасы студенттердің шеберлігін

ризашылығын білдірді. «Бұл 35 томдыққа осы өңірден шыққан ақын-жазушылардың еңбектері кіріп отыр. Кешегі Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов секілді Алаш арыстарынан бастап, бүгінде ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп жүрген көзі тірі қаламгерлердің еңбектері қамтылған. Сондай-ақ, орыс тілінде талай туынды жазып, ұрпаққа мол мұра қалдырған Павел Васильев секілді орыс тілді жерлес ақын-жазушылардың еңбектері де енгізілді. Жалпы, елімізде мұндай сериямен шығатын кітаптар некен-саяқ. Мәселен, бұған дейін Қызылорда облысында «Сырдария» деген серия-

ЖАҢА РАДИО - ЖАСТАР ИГІЛІГІНЕ

Қыркүйектің 20 жұлдызы тұсау-кесерге толы күн болды. Университетке жиналған жұртшылық алдымен студенттік дәмхананың тұсаукесер рәсімін тамашалады. Күрделі жөндеу жұмыстарынан кейін жаңаша сипатқа ие болған дәмхананың іші мұнтаздай таза әрі көрікті. Салтанатты жиынға орай Қазақстан халқының ұлттық тағамдарының көрсетілімі өтті. Көпшілік «студенттер игілігіне берілген жаңа нысандағы ақ дастархан тек жақсылықтарға ғана жайылмай», – деп ақ тілектерін жеткізді. Білім ордамыздың үшінші курс студенті Назерке Мұқанова: «Дәмхананың жаңаша кейіпке енуін университет басшылығының студенттер қауымына жасаған жақсылығы деп білемін. Жазғы демалыстан қыдырып келген-

нен кейін асхананың өзгерген қалпын көріп, қатты таң қалдым», – дейді.

Білім ошағына жиналған жұртшылық «ПМУ FM» студенттік радиосының ашылу салтанатына қатысты. Оған өңіріміздегі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылды. Облыстық радионың директоры Идият Әбдіхалықов жастарды қуанышты күнмен құттықтап, алдағы уақытта бірлесіп жұмыс жасауға шақырды. «Радио – жаңалықтың жаршысы. Сондықтан оның қанат жаюы қуанышты жағдай. Біздің ұжымның тәжірибелі тілшілерімен тығыз қарым-қатынас орнатып, жаңа бағдарламалар мен жобалар дүниеге келеді деп сенемін», – деді ол өз сөзінде. Студент тілшілердің жаңа бастамасына тілекші екенін жеткізген журнали-

сындауға мол мүмкіндік жасап отыр. «Орта мектепті тәмәмдап, университетке оқуға түстім. Бірақ, жастар үшін осындай мүмкіндік жасалады деп ойламаппын», – дейді Т.Ахметов.

35 ТОМДЫҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Қара шаңырағымыз жергілікті ақын-жазушылардың мұраларын зерттеп, дәріптеуде елеулі жұмыстар атқаруда. Дәл осы күні Кереку-Баян өңірі ақын-жазушылары антологиясының 35 томдығының тұсаукесер рәсімі өтті. Жергілікті зиялы қауым өкілдері, кітаптардың құрастырушылары мен студенттер қатысқан шарада қазақ әдебиетінің төңірегінде тұщымды пікірлер айтылды. Университет басшысы Ерлан Арын игі бастаманың басы-қасында жүрген азаматтарға

мен ақын-жазушылардың еңбектері жарық көрді. Сондай-ақ, дәл осындай игі дәстүр Атырау облысында да жалғасын тапты. Енді бұл тізімге біздің облыс та еніп отыр», – деді Ерлан Мұхтарұлы. Ректордың айтуынша, бұл кітаптар облыстағы орта мектептер мен жоғары оқу орындарының кітапханаларына таратылады. Ал 26 қазан күні Астанадағы Павлодар күніне орай Елорда төрінде аталған 35 томдықтың таныстырылымы өтеді. Салтанатты жиында өңірімізге танымал қаламгерлер Ғалымбек Жұматов пен Виктор Семерьянов сөз сөйлеп, әдебиет қамқоршысы Ерлан Мұхтарұлына алғыс білдірді.

Фархат ӘМІРЕНОВ.
Журналистика кафедрасының III курс студенті

«Қазақстан халқының кітапханасы»

Сондай-ақ, осы күні әйгілі жерлесіміз, академик Әлкей Марғұланның жүйеленген мұрағаты қолжазбаларының таныстырылымы болды. Мұнда ғалымның хаттары, фотосуреттері, автографиялық материалдары бар. Мұндай жүйеленген мұрағат өңірімізде тұңғыш рет жасақталды. Ол үшін университет ғалымдарына біраз тер төуге тура келді. Студенттер мұрағаттағы мәліметтерді күнделікті сабаққа пайдалана алады. Сонымен қатар, білім ордасы ғалымдарының құрастыруымен студенттердің күнделікті сабаққа қолдануына арналған қазақ тілінде жазылған 50 оқулықтың таныстырылымы өтті. Университеттің Тәуелсіздік тойына жасаған тартуының бірі – білім ордасының ішінен Борлы археологиялық кешенінің ашылуы болды.

Одан кейінгі игі істің жалғасы орысша-қазақша-ағылшынша сөздігінің 30 томдығының тұсаукесерімен көрініс тапты. Сөздікті құрастыруға білім ошағындағы тіл мамандары атсалысқан. Шараға қатысқан облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Талғат Әбілқасымов: «Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесі аясында игі бастаманың жемісін көріп отырмыз. Бұл – тіл үйренемін деген жандарға таптырмас байлық», – деді.

Оқу ордамыз тағы да бір тың бастаманы жүзеге асырды. Ол – өңірімізді мекендейтін ұлттардың әдебиетіне арналған «Қазақстан халқы кітапханасының» ашылуы болды. Аймағымызда алғаш рет қолға алынған бұл іске Қазақстан халқы Ассамблеясының өңіріміздегі филиалдары қолдау көрсетеміз деп отыр. Кітапхананың басты ерекшелігі – кітаптар түпнұсқа және электронды түрінде сақталады. Мұнда қазақ, орыс, поляк, татар тағы да басқа ұлттар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің туындыларын табуға болады. Ерлан Мұхтарұлының айтуынша, кітапхана өз жұмысын әлі де жандандыра түседі. Шараға қатысқан этно-мәдени бірлестіктердің өкілдері кітапхананың кітап қорын молайтуға ниетті екенін алға тартты. ҚР Ассамблеясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Сейсенбай Жетпісбаев білім ордасымен арадағы байланыс жеңістерге жетелейтініне сенім білдірді.

Фархат ӘМІРЕНОВ.
Журналистика кафедрасының III курс студенті



«Ақын жыры - өмір сыры» немесе Торайғыровта-нұдағы жаңа кезең

Жуырда оқу ордамыздың төрінде «Ақын жыры - өмір сыры» атты конференция болып өтті. Іс-шараны ұйымдастырудағы басты мақсат – жоғары оқу орнының мамандары Торайғыров тағылымына өзірленген сайттың ғаламтор желісіне енгізілуі мен белгілі торайғыровтанушы, практик-ұстаз, ғалым-әдебиеттанушы Зекебай Солтанбайұлының ақын шығармашылығы жайлы жазған «Жалынды демократ» атты кітабының тұсау кесу рәсімі болатын.

Сайт жасаушылары жинақталған, сұрыпталған, сапалы түрінде әзірленген ақын туралы мағлұмат пен шығармалары көпшілік назарына ұсынылып, торайғыровтану дербес ғылым ретінде дамуына өзіндік үлес қосуда. Сайт пайдаланушылары ақын өмірбаянымен танысып, әдеби жанрға сәйкес топтастырылған шығармаларымен жұмыс істей алады. «Фотоальбомнан» ақын өміріндегі түрлі оқиғаларға байланысты суреттерді көруге болады. Ақын шығармашылығы, өмірі, атқарылған қоғамдық жұмыстары жайлы достарының, замандастарының айтылған сөздері «Естіліктер» деген бөлімінде кең қамтылған. «Шежіреде» Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ата тегі жөнінде көптеген мәлімет берілсе, «Ер есімі – ел есінде» деген тараудан ақын есімімен аталған ЖОО, кітапхана, көше, ескерткіштер туралы толық мағлұматтар алуға болады. Сайтпен жұмыс істегеннен кейін әр пайдаланушы өз пікірін «Қонақ

кітабында» білдіре алады. Сайт көпшілікке арналғандығымен, торайғыровтану мәселелерінің ұзақ жылдар бойы зерттеуімен айналысатын ғалымдарына да пайдалы болмақ.

«Әр нәрсенің өз уақыты болады», – дегендей, осылайша Зекебай Солтанбайұлының «Жалынды демократ» атты еңбегінің жарқырап жарыққа шығатын да кезі келді. Республика Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында, елеулі еңбегінің арқасында жарық көрген кітабының қазіргі уақытта пайдасы мол, берері сүбелі болмақ. Олай дейтініміз, кітап авторы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларына терең талдау жасап, басқа қазақ ақын-жазушыларының еңбектерімен салыстырып, жаңа қырынан таныстыра білді. Ақын тілінің ерекшелігі, пайдаланылған көркемдік құралдары, сөз байлығы, көтерілген мәселелері мен пікірі – осының бәрі кітап авторының зерттеу объектісі болып табылады. Кітап мұғалімдерге, ЖОО студенттеріне, Торайғыровтану мәселелерін қарастыратын ғалымдарға, қазақ әдебиеті тарихын қызығушылықпен оқитындарға арналған.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде торайғыровтану өрісі кеңейіп, қоғамның рухани өміріне ықпал етпек. Осынау ұлы ақынның үлгі-өнегесі мол жырларының арқасында болашақта елімізде жалынды демократтардың саны көбейеді деген сеніміміз мол.

Елена ГАРКАВА

Желкенді 70 жас

8

Ата дәстүріне адал ұрпақтың ішінен Қуандық Пазылұлының орны бөлек. «Жақсы әкенің атағы жаман балаға қырық жыл азық» дейтін қазекең үшін бұл мақалды Қуандық аға теріске шығарғалы қашан!

Инновация, мобилизация, электронды жүйелілік бізді бәсекеге қабілетті қылды ма немесе жұртшылықтың ақылына жау болып жайпады ма, белгісіз... Батыс стандартына сай оқу қолайлы болғанымен, қазіргі жастардың логикалық пайымдау дәрежесі мен білім алу деңгейі төмен екенін статистикалық ресми көрсеткіштер емес, күнделікті «өттеген-айлар» дәлелдеп берді. Міне, мобильдік заманның шығарған шыңы.

Ал енді халқымыздың тарихына сәл шегініс жасап Кеңес дәуірінің дабылын қағып, еске алайықшы бірер сәт... Кеңес тарихы тек қана қуғын-сүргінімен белгілі емес. Ол бүгінгі күнге жеткен Кеңес адамдары үшін тұрақтылық, нақтылық, сапалылық, жинақылық, жүйелілігімен қымбат. Ол –

ф.ғ.д., профессор, ғалым, академик, жазушы Қуандық Пазылұлы Мәшһүр Жүсіп.

Өмір таңғажайып жағдаяттар мен оқыс оқиғаларға, тосын сыйларға толы. Оны уақыт көрсетіп жатыр. Ал күнделікті оқиғаларамыз бен қимыл-әрекеттерімізден кейінгі толқынға сабақ болып, кешіректеу тарихқа айналатынын біздер білеміз бе??? Біздің қарашаңырағымыздың қабырғасында тылсым тарих тұлғалары баршылық. Солардың бірі де бірегейі – Қуандық ағамыз. Ендеше ұлтымыздың ұлылығын ұлықтаған ұлағатты ұстазымыздың өмірлік, шығармашылық жолындағы мәліметтерді жадымызға тоқып, ескере жүрейік деген оймен төмендегі мағлұматтарды назарларыңызға ұсынамыз.

Жүсіп (Мәшһүр-Жүсіп) Қуандық Пазылұлы – Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, қазіргі Мәшһүр-Жүсіп ауылында (бұрынғы «Жаңажол» колхозы) дүниеге келген. 1959 жылы Баян қазақ орта мектебін бітірген.

сору» атағы берілді. 1995-1997 жылдар аралығында Қуандық Пазылұлы Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтында «Филологиялық пәндер» кафедрасының меңгерушісі және Екібастұз жоғары педагогикалық колледжінде «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1997 жылдың 1 тамызынан бастап Қуандық Пазылұлы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасының және сол уақыттан бастап 2001 жылға дейін біздің оқу ордамыздың «Мемлекеттік тіл» кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс жасады.

Бұл – автобиографиялық қысқа нұсқалы дерек. Жалпы, Қуандық аға жайында ұшаң-теңіз жазбалар жазуға болады. Оның көптеген шығармалары соғандәйекпен дерек бола алады. Мәселен, жазушы ретінде Қуандық Пазылұлы бірнеше көркем шығармаларын жарыққа шығарды: «Бір әйелдің өмірі», «Қыздар, жігіттер», «Ұл мен



ЖЕТПІСКЕ «ЖЕТІСТІКПЕН»

ЖЕТКЕН ЖАН

Тәңір мен Жаратқан! Алла мен Құдай! Бір қарағанда синоним сөздер болғанмен, әр діннің тілінде әртүрлі естіледі. Тәңіршілдер Құдай гемеітіні секілді, құдайшылдар Алланы аузына алмайды.

Діннің дінін бекітіп, түп-қазығын айқындап берген тұлғаларды діннен шала сауатты қазекеңдер қожа молда, әулие-әнбие атандырған. Бұлардың көбі араб, парсы тұқымынан болғандықтан ба, қазақ арасына аса сіңе қоймады. Ал жергілікті ұлттан шыққандары некен-саяқ еді. Осы шоғырдың ішіндегі шоқтығы биігі Баянтауды ен жайлаған қалың Күліктің, алағай да бұлағай заманның «термометрі» атанған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еді.

сапалы білім алуды маңызды қылған әрекетімен әйгілі. Ол – көркем әдебиет пен төл тарихын оқуға құштар болған құлшыныс иелерімен марқая алатын дәуір еді. Міне, жоғарыда талғандардың барлығы дерлік біздің кейіпкеріміздің бойында бар. Өйткені өз «тұлғасын» таныта алмаған адамдарды тарихта қабылдамайды.

«Сөйлеу стилінің сардары» - дедім оны ішімнен. Ол кез 2008 жыл болатын. Студенттік кезім. Білікті ұстаз қарапайым түрде филология факультетінің студенттеріне тұщымды лекциясын тоқтаусыз әрі толассыз оқи берді. Біз – журналистер тобы ол жерде кенеттен пайда болдық. Бірақ онымызға еш өкінбедік те. Қалай дегенмен, біздің лектордың қазақи сөздердің төркінін терең түсіндіруі, салыстырма сөздерді саптауы, теңеу сөздері – барлығы да жастайынан жадына тоқыған білімінің нышаны болып бекітілді. Ол - өзіміздің қара шаңырағымыздың қарапайым қазақи, бірақ ұлағатты ұстазы,

1959-1964 жылдары Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих-филология факультетінде оқып, қазақ тілі мен әдебиеті және тарих мұғалімі мамандығын меңгерген. 1964-1967 жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясындағы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты аспирантурасында оқиды. 1968 жылдан бастап Қазақ ССР жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің жолдамасымен Семейдің Н.К. Крупская атындағы педагогикалық институтындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарады. 1969 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясы М.Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер» институты ғылыми кеңесінде «Қазақ прозасындағы тартыс және жаңа адам» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 1996 жылы Қазақстан Республикасының министрлер кабинеті жанындағы жоғары аттестациялық комиссиясының шешімімен оған «Әдебиеттану профес-

қыз» атты пьесасы Абай атындағы Семей музыкалық драма театрында 1980-1996 жылдар аралығында қойылды. Егер аталмыш туынды құнсыз болсан оны 16 жыл бойына талғамды көрерменнің назарына ұсынар ма еді?

Тіпті бұл пьеса жаз айындағы гастроль кезінде Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарына қарасты ауылдардың барлығында дерлік қойылып, спектакль саны 300 жетті. Бұл да бір жетістік. Шығармашылықтың маңдай терінің мойындалғаны.

Енді Қуандық Пазылұлының ғылыми еңбектерінің тізіміне назарымызды бұралық. Докторлық диссертация қорғағанға дейінгі еңбектері:

- «Прозадағы тартыс ойлар»
- «Өміржанның әңгімесі»
- «Кезең сәулесі»
- «Деталь – шеберлік айнасы»
- «Поэзияның кейбір мәселелері»
- «Өлең өрісі неге тар?»
- «Сәкеннің ақындық шеберлігі»
- «Сөз зергері»
- «Өлең сырын ашу»
- «Мәшһүр-Жүсіп мұрасы»
- «Мәшһүр Жүсіп қазынасынан»

Докторлық диссертациясын қорғағаннан кейінгі еңбектері:

- «Абайдың реализмі»

- «Бейімбет Майлин шеберлігі»
- «Дербес стиль және қазақ лирикасы»
- «Мұхтар Әуезовтың портрет жасау шеберлігі»
- «Абай және Мәшһүр Жүсіп»
- «Шәкәрімнің шеберлігі»
- «Қазақ лирикасындағы романтизм»
- «Дастан оқыту мәселесі»
- «Абайдан кейінгі қазақ лирикасы»

Елазаматы, халықшыл басшымыз Ерлан Мұхтарұлының тікелей сөзі бойынша, «Мәшһүртану – біздің брэнд», демек біздің оқу ордамыздың брэнды. Ал осынау мұхиттай тұлғаның күрделі шығармашылығын зерттеп, зерделеп, оқырманның Мәшекеңді тың да терең түсінуіне мол мүмкіндік беріп жүрген де біздің бүгінгі кейіпкеріміз. Әрине, Мәшһүр-Жүсіп сынды жан-жақты оқымыстыны бір оқығаннан түсініп, бір өлеңінен шығармашылығын тану еш мүмкін емес. Оны жылдар бойына жадымызға тоқуға тиіспіз. Қуандық Пазылұлы да Мәшһүр мәселесін сонау студенттік сапта жүрген кезінен бастап тұңғығымен оқып, зерттеп, талай ғылыми еңбектер жазып келе жатыр. Университет басшылығының қолдауы, Қуандық ағамыздың редакторлығымен Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының бірнеше томдық энциклопедиялары жарық көрді. Бірақ оны оқу мен зерттеу, жүйелеу мен жинақтау жұмыстары

әліге жалғастырылуда. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз осынау алпауытпен тығыз байланысқан баһадүр сынды, байланыс тек қанында емес, рухани байланыс десек орынды болады. Жалпы, Қуандық Пазылұлының жоғарыда тізбектелген еңбектері толық емес. Тіпті оларды тізбектеу мүмкін емес пе, деп қалдық. Қуанышымызға орай ғылыми еңбектері оқырманға да, әдебиетке, ғылымға да жетерлік екен. Барымызды қадірлеп, қолымыздағыны дұрыс пайдалана алсақ болғаны...

Бүгін де қадірлі Қуандық ағамыз, ұлт ұстазы жетпіс жасты да бағындырды. «Отызда орда бұзбаған – қырықта қамал алмайды» – дейді атам қазақ. Елу – ер жасы. Алпыс – алып жас немесе пайғамбар жасына жақын. Адам жалындаған жиырмасын жастықпен өткіздім деп өкінбесе, отыздан кейін осы уақыт аралығында қандай игі іс жасадым, өмірден нендей тәлім алдым деп ойлануға тиіс. Ал жетпіске жетістігімен, жемісімен, жеңісімен жеткен Қуандық Пазылұлының арманы жоқ шығар... Қара шаңырағымызда тірі тарихтың бар екені барлығымызды марқайтуға тиіс екенін ескере жүргеніміз ләзім, озат оқырман.

Эльмира АБЕТЖАНОВА.



МҰСЫЛМАНДАРҒА ҚАТАЛ ҚАРАЙДЫ



Жыл сайын жаз мезгілінің шырайлы күндерінде шекара асып, шет ел барып демалып келетін азаматтар санында шек жоқ. Міне, солардың бірі қара шаңырағымыздың ұстазы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Райхан Мұхаммеджанқызы Таштемханова. Райхан Мұхаммеджанқызы Израильдің Иерусалим қаласындағы Әл-Ақса мешітіне барып зиярат етіп оралды. Әл-Ақса мешітінің бірінші ғимараты біздің заманымыздың 636 жылы Храмды тауында Омар бен әл-Хаттаб ханифі салды. Алғашқы кезде ол намаз оқуға арналған кіші ғимарат болса, қазіргі кездегі ғимаратты Әбдел әл-Малик 709-714 ж.ж салды. Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) хадисінде: «Шамаларың келсе қасиетті орын Әл-Ақсаны зиярат етіңдер» деген екен. Осы аманатты орындауға пейіл еткен Райхан Мұхаммеджанқызының қасиетті мекенге жасаған сапары жайынан бөліспекке сыр сұхбатқа тартқан едік.

- Өзіңіз сапар шегіп келген Әл-Ақса мешітінің тарихын жайынан сыр етсеңіз

- Сіз айтқандай, Иерусалимнің ескі қалашығында Храмды тауында орналасқан Әл-Ақса немесе Омар мешіті мұсылмандар үшін Меккеде орналасқан Кааба Әл-Харам мешітінен және Мединедегі пайғамбар мешітінен кейінгі үшінші қасиетті жер болып табылады. Ертеде Әл-Ақса мешіті исламның алғашқы кибиасы болған. Алайда заман ағымымен кибиа Меккеге ауыстырылған болатын. Бұл жердегі кибиа-дегеніміз қазіргі тілмен айтқанда қыбыла. Мешіттің салынған жеріне байланысты оны Мұхаммед пайғамбарымыздың аспанға көтерілуімен байланыстырады. Әл-Ақса мешіті кезінде Мұса мен Иса және ол екеуінің арасында өткен пайғамбарлардың (ғ.с.) қыбыласы болған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) да Меккедегі Әл-Харам мешіті қыбыла болғанға дейін Ысқақ пен Яқуб (ғ.с.) екеуі салған Әл-Ақса мешітіне қарап намаз оқыған. Бұған қажылық сапарына барған бауырларымыз Мединедегі Әл-Кибләтәйн (екі қыбылалы) мешітінде болғандарында көздері жетеді. «Ақса» ұзақ, алыс, бір шеттегі деген мағынаны білдіреді. Ол мешіт Меккеге қарағанда алыс, шеттегі ғибадатхана болғандықтан «әл-Ақса» деп атанып кеткен.

- Әл-Ақса мешіті Алла тағала тарапынан берекелі мекен етілген. Оның хабарын айтта: «төңірегі тұнған береке-байлық», – делінген. Жалпы Әл-Ақса мешітінің қасиеттілігі жайында не айта аласыз?

- Расында да, ол мекен мұбарак етілгендігінен Алла тағала топырағын

шыққан. Әл-Ақса мешіті Исламдағы қасиетті мешіттің екіншісі болып саналады. Оны ең алғаш Адам ғ.с. Меккедегі қағбаны тұрғызған соң салған көрінеді. Екінші рет бұл мешітті Жақып ғ.с. қалпына келтірген екен. Осы орайда мен сізге бір аңызды айтып берейін. Аңыз бойынша Жақып нағашыларына сапарлап бара жатып, бір жерге түнеген көрінеді. Сол түні оған Алла аян береді. Түсінде әлгі жатқан жеріндегі тастан көтерілген нұр аспан арасын жол етіп, періштелер сонымен жоғары-төменді қатынап жүрген секілді. Жаратушы, «Ей, Жақып, мен саған да, сенің ұрпақтарыңа да береке беремін, сен осы жерге құлшылық орнын сал!» дейді. Содан бері де Әл-Ақса мешіті бірнеше рет жөнделіп, осы дәуірге жеткен. Алланың құдіретімен Әл-Ақса мешітінде оқылған намаздың сауабы 5 уақытылы намазға қарағанда 500 есе мол. Бұл жерде айтылған дұғатілектің барлығы қабыл болады. Пайғамбарларымыздың көпшілігінің өмірі осы мешітке тікелей қатысты болғанын сол жерде уағыз айтушылардан кеңірек естідік. Қазіргі таңда осы мешітке Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шашы осы күнге дейін сақталып келеді. Міне, мешіт осындай құндылықтарымен қасиетті дер едім.

- Әл-Ақса мешітінің бірнеше галереялары бар деп естиміз. Сол галереялар жайынан не айта аласыз?

- Иә, мешіт 7 галереядан тұрады. Орталықта бір, батыс және шығыс бөліктерінде үш-үштен орналасқан екен. Орталық галереясы кең еденнен жоғары тұрады. Мешіт төбесінің ортасында күмбез салынған. Ішінде түрлі-

өте құнарлы, егіндерінің өнімін мол, ауа райын ғажап, суларын мөлдір әрі шипалы еткен. Сондай-ақ осы өлкеден көп пайғамбарлар

түсті әйнектен құралған ою-өрнек болса, сырты қорғасынмен қапталған. Мешіттің ішінде мәрмәр тіреуіштер, тас діңгектер, қаппа салынған. Әл-Ақса мешітіне солтүстік жақтағы галереядан аппаратын 7 есіктен біреуі арқылы кіруге болады. Сонымен қатар мешіттің батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік жақтарында да бірнеше қосымша есіктер орнатылған.

- Мешітке қанша адам намаз оқи алады.

- Әл-Ақса мешітінің кеңдігі сол онда бір мезгілде 5000 адам намаз оқи алады.

- Соңғы деректер мен хабарларға сүйенсек Әл-Ақса мешітіне келтірілетін зиянды әрекеттерде жоқ емес. Бұл жөнінде Израиль газеті «Haaretz» мәлімдегені белгілі. Өз көзіңізбен сол зиянды әрекетті көре алдыңыз ба?

- Әл-Ақса мешітіне зиян келтіретін жер астындағы үңгіртауын «Израиль» туристерге арнайы ашып мешітті үңгір астынан көрсетпек. Міне бұл мешіт үшін үлкен қауіп. Жаңағы сіз атаған қауіп жоқ емес бар. Жер асты үңгірі арқылы Израиль мемлекеті туристердің санын жыл сайын арттырып келеді. Мәселен, соңғы 40 жылда салынып жатқан үңгіртаулары арқылы келген туристер Әл-Ақса мешітінің қасында орналасқан Сильван үңгіртауларына кіретін жер астымен ескі мұсылман қалашығы мен мешітінің батыс жағына өтіп, адамдар тұратын көшелерге және Әл-Бурак яғни Жылау қабырғасына дейін жетеді. Бұл туристер үшін қызықты болғанымен Әл-Ақса мешітіне үлкен қауіп.

- Израиль Иерусалим жерінде исламның болғанын қаламай, сол үшін бүкіл ескерткіштерін жоюға тырысып жатыр депте әлемдік ақпарат жар салды. Жалпы Израильдің мұсылмандарға көз қарасы қалай екен?

- (Сәл жымылып күліп) Айтып отырғаныңыздың жаны бар. Расыменде мұсылмандарға қатты қа-

райды екен. Шекардан өту кезінде де өзгелерге көрсетпеген әлекті сол жерге зиярат етуге барған 16 мұсылмандар көрді. Тіпті «Кто был на Храмовой горе» деген сұрақты да қойып үлгерді. Жәнеде Иерусалим қаласына келгенде көшелерде қолдарына тапанша ұстаған әскери адамдарды көргенде еліміздегі бейбіт өмірге тәубе дейсіз.

- Мұсылманда садақа беру деген бар. Барған сапарларыңызда сол мұсылман парыздарын орындаған боларсыздар?

- Иә садақа беру бұл мұсылман жолында парыз болып келеді ғой. Бір қызығы біз барған кезде Әл-Ақса мешітіне жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқандықтан жабық болды. Бірақ Қазақстаннан арнай келген туристер үшін мешітті ашып бізді кіргізді. Сол кезде мешітке кіргеннен кейін әрбір адамның өз еркі бойынша құран көрімді 20 доллар беріп ұстап, дұғаңызды айтып, тілегіңізді іштей қайталап қайта қайтарады екенсіз. Сондағы көрсетілген сома бәріне бірдей болды.

- Әңгіме барысында мешіттің астынан салынып жатқан үңгіртаулары жайынан айтып қалдық қой. Тарихші ретінде айтыңызшы, қасиетті мешітті күтіп ұстау үшін жауапкершілікті кімдер алған?

- Өте орынды сұрақ. Осындай қасиетті мешіттерімізді күтіп-ұстау үшін мүдделі мемлекеттер арасында 1954 жылы халықаралық келісім жасалынған екен. Әл-Ақса мешіті мен Куббатас-Сахра мешіттері Иордания мемлекетінің қарауына берілген. Сол мемлекеттің мешіт істері комитеті мешіттердің барлық жөндеу жұмыстарын толығымен өз жауапкершілігіне алған.

Барған сапарыңыздың жайымен бөлісіп, көкейіміздегі сауалдарымызға тұшымды әрі қызықты етіп жауап бергеніңіз үшін алғысымыз шексіз!

Қарлығаш ХАШЫМҚЫЗЫ.

Түлектер

10



АРМА, ЖАС ТҮЛЕК!

Кеше ғана мектеп табалдырығынан аттанған оқушылар бүгін, міне, жоғары оқу орнының студенттеріне айналды. Студент өмірі әр адам ғұмырындағы ең қызықты сәттерінің бірі деп тектен тек айтылмаса керекті. Дәл осы студенттік кездері түрлі қызықты оқиғаның куәгері немесе себепкері болуымен қатар, нағыз достық пен адал махаббаттың жолында серіктерін кездестіріп, олардың қаншалықты құнды екенін түсінуге және де талай қызығы мен шыжығы мол сәттерді басынан өткізе жүріп білім нәрімен қанығып үлкен өмірге маман ретінде жолдама алады.

Қарашаңырағымыздың жыл сайынғы қалыптасқан үрдісі бойынша 16 қыркүйек күні қалалық мәдениет сарайында оқу ордамызға түскен бірінші курс студенттері үшін арнайы ұйымдастырылған студентке арнау рәсімі өткізілді.

Іс-шара Қазақстан Республикасының Әнұранынан басталып, дәстүрге айналған әлемдегі бүкіл студенттерді бір қоғамға біріктіретін студенттік әнұранымен өз жалғасын тапты. Ал салтанатты ант беру рәсімінсіз қандай шара өтеді?! Студент қатарына қосылғалы отырған жастар қауымы студент антының маңыздылығы зор екенін мойындайды. Олардың пікірінше,

осынау дәстүрдің жастар өміріндегі үлкен жауапкершілікке апаратын бірден-бір жолға айналғалы отырғаны ақиқат.

Салтанатты іс-шараға қала мен облыстың құрметті азаматтары, аймақтық БАҚ-тың басышылары, жоғары оқу орны әкімшілігінің өкілдері келіп, студент атына ие болған бұрынғы оқушыларды осы үлкен мерекесімен құттықтап, студенттік билеттер табыс етті. Сонымен бірге арнайы келген қонақтар студенттерге ақ жол тілеп, осынау үлкен, қызықты сапарда кездесетін түрлі жағдаяттар жөнінде баяндай отырып, өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, кеңес берді.

Университет қабырғасында білім алуымен ғана шектелмей, оның қоғамдық өміріне де өз үлесін қоса білген студенттері қатарынан ең жақсы деген жастар сахна төрінде атаулы стипендияға ие болды. Бұл оқу ордамызға жаңадан түскен жастар үшін тынымсыз еңбек пен асқан ізденімпаздықтың қалтқысыз жемісі екенін айғақтайтынды.

Кеш соңы жас достарына арнайы қойылған тамаша әндер легімен өз мәресіне жетті. Осы орайда биылғы жылы университет табалдырығын аттаған жас достарымыздың пікірі мен осы кештен алған әсерлерін Сіздерге ұсынуды жөн көрдік.

Тимур АХМЕТОВ,
ГПФ, ЖҮР-101

- Бұл мереке мен үшін өмірімдегі ең бір қуанышты сәттерімнің бірі ретінде қалары сөзсіз. Қуанышым қойныма сыймай қуанып тұрмын. Себебі, Павлодар мемлекеттік университетінде оқып жүргеніме мақтанамын. Өйткені оқытушылары білімді, қажетті біліммен қаруландырып, студент оқуына да талап қоя біледі. Университет қабырғасында жаңа адамдармен танысып, жаңа достар таптым.


Салтанат
АБДРАХИМ, ГПФ,
ФИЛ-101

- Үлкен толқудамын. Мен үшін бүгінгі мереке ерекше өтті, өйткені үлкен өмірге жол бастағанымды түсіндім. Университетіміз мен үшін алып білім кемесі. Осынау үлкен білім



кемесімен ғылым теңізіне саяхатқа шыққалы отырмын. Саяхатымның мақсаты – таңдаған мамандығымның шебері болып атану. Қазақ елінің заңғар жазушысы С.Торайғыров айтып кеткендей: «Әлемдегі терең сыр, ғылымменен ғана ашылмақ», сондықтан да жастарға тек қана ғылымды талмай, шаршамай іздеулеріне тілектеспін.

Серікболсын
КИНАЯТОВ,
АТФ, ОРЖОШ-101

- Ең бастысы, әр баланың туғаннан бастап мақсаты бар. Ол - мектепте дұрыс білім алу, содан соң ЖОО-ның сан алуан факультеттерінен өз қабілетіне, ынтасына, қызығушылығына сай келетін мамандығын таңдау мен оқу болып табылады. Бұл күн мен үшін жоғарғы өмір деңгейіне жол ашты. Осы күннен бастап өз өмірімдегі жауапкершілікті молайды деп білемін. Таңдаған мамандығымның жолында талмай ізденіп сол арқылы жақсы маман болып шығу – бұл менің өмірлік мақсатым.



«Сіз неге ПМУ-ды таңдадыңыз?» – деген сұрақты университетіміздің қабырғасына оқуға түскен кез – келген студентке қойсаңыз алатын жауабыңыз сан түрлі. Сонымен біздің жаңа достарымыздың ойы мен дербес пікірі қалай?

Жансая КАКИМОВА,
МТ-101 тобының студенті

- С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті өңіріміздегі мен білетін ең жақсы жоғары оқу орны. Факультеттері мен мамандықтарының саны көп, яғни әрбір адам қажет деген мамандық бойынша білім ала алады. Осында оқып жүрген жастар қызығушылығына байланысты көптеген үйірмелерге немесе спорт секцияларына қатысып, бос уақыттарын тиімді өткізуге зор мүмкіндіктер жасалған. Мәселен, мен алдағы уақытта студенттік радиода өз бағдарламамды жүргізуімді жоспарлаймын.

Ал бірінші семестр аяқталған соң француз тілін үйренуге кірісемін деп жоспарлап отырмын. Бос уақытымды университет кітапханасында өткізуге тырысамын, өйткені осындағы оқытушылар сапалы білім беріп, студенттің дайындығына да жоғары талап қояды.


Сәния КАПАР,
ЖЭ-101 тобының студенті

- Республика көлеміндегі танымал, әрі алдыңғы үздік 5 университеттермен иық тіресе алатын алып білім ордасының студенті болуды әрбір екінші адам арман етері сөзсіз. Оның басқа оқу орнынан ерекшелігі – көп салалығында. Әкімшілігі студенттердің сапалы білім алуына барлық жағдай



жасайды, айтып кететін болсам, коррупцияға жол бермейтін электронды түрде жасалған әр студентінің жеке кабинеті, құнды басылымдары бар кітапханасы, жабдықталған оқу - техникалық базасы әрі, ең бастысы, тәжірибелі ұстаздары. Университет өміріне мүмкіндігінше қатысармын. Пікірталас клубы мен хореография үйірмесі менің өнерімді жаңа деңгейге көтеріледі деген ойдамын.

Нұрсұлтан СУЛЕЙМЕНОВ,
БТ-101 тобының студенті

- Павлодар облысының ірі жоғары оқу орнының бірі. Кезінде университетіміз М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен бірге білім беру ісінде қатарлас болған екен. КСРО тарағанымен кейбір оқытушылары басқа елдерге кетуге мәжбүр болған. Алайда Тәуелсіздік алғаннан кейін отандық білім беру жүйесі қалыптаса бастады. Мемлекеттік тілімізде топтар саны молая түсті. Ол, әрине, қуанарлық жайт. Оқытушылары қазіргі заман талабына сай білім беріп, теория мен тәжірибені қалай ұштасу керек екенін көрсетеді. Университетте шәкірт тәрбиесіне көп көңіл бөлінеді. Мәселен, спорт немесе өнер саласында дарынды студенттер өз шеберлігін ару қарай түрлі үйірмелерде дамыта алады. Мен өзім футбол секциясына жазылдым, көңілді тапқырлар клубына да қатысамын, жалпы, университетте өткізілетін іс-шарадан қалмауға тырысамын.



ХАЛЫҚ АСПАПТАР ОРКЕСТРІ БІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің концерттік залында биылғы жылдың 26 қыркүйегінде Алматы облысы Мұқан Төлебаев атындағы Халық аспаптар оркестрі өзінің гострольдік бағдарламасымен симфониялық концерт өткізді. Алғашқы нөмері М.Төлебаевтың «Би» композициясы болса, оркестрдің дирижеры республикалық «Алтын таяқша» байқауының лауреаты Арман Аманжоловтың сүйемелдеуімен басталды. Концерт барысында Н.Тілендиевтің «Баянауыл баурайында», «Махамбет», Ә.Алпысбаевтың «Вальс», И.Фроловтың «Испан фантазиясы», Тәттімбеттің «Сарыжайлау», А.Петровтың «Вальс», Дәулеткерейдің «Қос ішек», А.Альбинидің «Адажио», Шақабайдың «Шақабай шалап» сияқты тағы да басқа көптеген шығармалары орындалды. Филармония құрамында Қазақстан республикасының мәдениет

қайраткерлері Ә.Алпысбаев, Е.Еркенов, Аян және Оралбай Мұхамедиевтар, А.Аманжолов, ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, республикалық байқаулардың лауреты Ә.Сәуірбаева сияқты еліміздің атақты да талантты музыканттары болды. Ұйымдастырушылардың айтуы бойынша, бұл гострольдік бағдарлама еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналып отыр. Дәл осындай бағдарламамен оркестр Көкшетау, Қостанай, Петропавл қалаларын аралап қайтпақ. Гострольдің алғашқы концерті біздің университетімізден басталды дейді оркестр музыканттары. Концерт аяқталуымен университетіміздің реторы Е.Арын Әли Алпысбаевқа қазақы салт бойынша иығына шапан жауып, қара шаңырағымыздың атаулы алтын медалімен марапаттады.

Назерке АНИСОВА.



«Алаш» арысының есімі мұхит асты

Алаштың арысы Әлихан Бөкейханның туғанына биыл – 145 жыл. Несін жасырамыз, ауыз толтырып айтатындай елімізде өткізіліп жатқан шаралар легі шамалы. Тым құрығанда азаттығымыздың айбары Астанамыздың төрінен де бір ескерткіш бұйырмады. Елім деп, жерім деп жұдырықтай жүрегін қолына ұстап, өмірінің соңына дейін жер дауын қуып өткен Алашымыздың арысына ұлан байтақ жерімізден ұлтарақтай жер бұйырмай тұрғаны қалай? Арыстарымызды әспеттей алмай тұрып, Битлз бен Виктор Цойға да ескерткіш қойған жоқпыз ба? Астананың төрінен Ақанға бұйырмаған ескерткіш хайуаны Құлагерге қойылды. Оған да жөн дедік. Алайда хайуанға соғылған ескерткіштер тау тұлғаларымызға қойылса құба құп болар еді ғой.

Арыстарымыздың қадіріне қазақ бола тұра өзіміз жете алмай жүргенде мұхиттың ар жағындағы ғалымдар Әлихан Бөкейханұлының атына қанық, ерлігіне тәнті болып үлгерген. Тіпті араларынан сурылып шығып, Әлекенді зерттеуге кірісіп кеткендері де бар. Оған дәлел 13 қыркүйек күні Әлихан Бөкейханның 145 жылдығы мен Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай ұйымдастырылған «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбындағы халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияда «Алаш және Әлихан Бөкейхан» тақырыбын зерттеп жүрген Орта Азия елдеріндегі америкалық сарапшы Марта Бриль Олкот және Жапониялық Томохико Уяма сынды ғалымдар Алаш пен Әлихан деп алып – ұшып, өз ортасына дәріптеп үлгерген. Қызығы сол, өз арыстарымызды ұлықтай алмай тұрып өзгеге табынамыз, өзге ұлттың ұлдарын төбемізге көтеріп ұлықтаймыз. Сасқан үйреттің кебіне түсіп.

Біздің қазақы қанымызға сіңген жамқсы да жаман қасиеттеріміз қандай ісіті де асықпай байыппен істейтіні. Бәлкім, Әлихан Бөкейханұлы өз қоғамынан ала алмай жүрген бағасын осы 145 жылдығында жеткілікті дәрежеде алып қалар деген сенімдеміз.

Қарлығаш ХАШЫМҚЫЗЫ.

СТУДЕНТТЕР – ӘРҚАШАН ДАЙЫН!



Павлодар облысының «Жасыл ел» студенттік құрылыс және жастар отрядының «Жасыл патруль» атты экологиялық отряды, С.Торайғыров атындағы ПМУ және Павлодар облысы бойынша балық инспекциясы бөлімімен бірлесіп қыркүйек айының 14-і мен 28-і аралығында Ертіс өзенінің алқаптарындағы құртшабақ балықтарын құтқару шарасын бірлесе атқаруда. 14 қыркүйек күні таң сәріден ПМУ студенттері Ертіс өзенінің алқаптарындағы құртшабақ

Ежелгі Римде және Орта ғасырларда танымдылықпен айналысатын әрбір адамды студент деп атайтын. Уақыт өте келе, университеттердің пайда болуымен бұл терминді сол оқу ордасындағы ізденушілерді атау үшін қолданыла бастады. Міне, сол бір уақыттан бастап студент деген оқушы, үйренуші болып табылады. Себебі сабақтарды оқу, семинарларға қатысу, дәрістерді тыңдау, сессияны жақсы бағаға тапсыру - әр бір студенттің міндеті, ал жақсы мамандық иесі болу - оның мақсаты болуы тиіс. Бірақ, бүгінде студенттік өмір бұл түсініктермен ғана шектелмейді. Біздің қарашаңырағымызда оқып жүрген оқушылар білімдер болуды көздеп жатса, университет болашақ мамандардың адамгершілік сезімдерін, қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерге, мәселелерге немқұрайлықпен қарамау сияқты сезімдерді қалыптастыруды да мақсат етеді. Жақында болған экологиялық әрекет осыған дәлелді мысал бола алады.

балықтарын құтқару акциясына жаппай қатысты. Осы Ертіс аңғары құрамына дамыл-дамыл көлдетіліп тұратын жалпақтығы 10-12 км болатын алқап та кіреді. Көктемгі Ертістің тасуынан соң алқапты суаттарда, ғалымдардың айтуынша саны 100 млн-ға дейін жететін, шортан, сазан, бекіре сияқты балықтардың құртшабақтары қалып қояды. Күзге қарай бұл құртшабақтардың ұзындығы 5-6 см, ал салмағы бес граммға дейін жетеді екен. Шараны өткізушілердің айтуы бойынша бұл шынымен де біздің аймағымыздың

басты экологиялық мәселелерінің бірі болып табылады. «Бір миллион құтқарылған құртшабақтардан екі-үш жылдан соң 2500-3000 кг сатуға жарамды балық ала аламыз. Сонда санап көрсек, осы суаттарда қысқы қатқақтардан қатып қалатын қанша миллион балық жоғалуда» - дейді «Жасыл ел» облыстық штабының командирі Нариман Әбілшаиқов.

Айта кететін жай, бұл шара біздің өңірімізде бірінші рет өткізіліп жатқан жоқ. Биыл студенттердің су қоймаларына шығуы төртінші мәрте орын алып отыр. Өкінішке орай, бұл мәселені қанша жерден көтеріп жатса да, әлі күнге дейін оң нәтижесін беріп жатқан жоқ. Себебі құтқарушылары да, қатысушылары да тек студенттер. Қатысушы сарбаздар мен студенттерге төлем ақы да төленбейді. Бұл экологиялық акцияға тек өздерінің ынтасы мен еркі арқылы қатысуға ниеттенген жастарды ғана көруге болады. Осы әрекетке қатысуды өзіне міндет етіп санайтын ПМУ студенті Арыслан Қайдаров та: «Экологиялық акцияға біз қатыспасақ, онда ешкім де қатыспаушы еді», - дейді. Шынымен де, осы сөздің дәлелін Василий Михайлович Троцкий да жоққа шығармайды.

Василий Михайлович Троцкий – Павлодар облысының балық инспекциясының мемлекеттік тексерушісі:

– Өкінішке орай, бұл акцияны

тек ПМУ студенттерінің көмегімен өткізудеміз. Себебі біздің бөлімімізде не мүмкіндік жоқ, не керекті құрал-жабдықтар да жоқ, адам да аз.

Экологияны құтқару әрекеті кезеңі аралығында ПМУ студенттері мен «Жасыл патруль» отрядының сарбаздары 5 миллионға жуық құртшабақ балықтарын құтқаруды көздеп отыр. Энтузиасттар жұмысының нәтижесі әлі алда және қойылған мақсаттарына жетеді деп үміттенеміз. Осындай шаралардың арқасында «Пионер әрқашан дайын!» демекші, біздің студенттер де көмекке де, игі істерге әрқашан дайын екенін көре аламыз.

Назерке АНИСОВА.





НАША ҚОРЛЫҚ – ДАУАСЫЗ ДЕРТТІҢ БАСТАУЫ

АИЖА (ВИЧ) инфекциясының қоздырғыш көзі болып табылады. Нашәқорларды зерттеген кезде В гепатитімен ауыратындар 40-60%, ал С гепатитімен 75-85% кездесетіні анықталған. Героинді пайдаланатын нашәқорлардың 90% С гепатитін жұқтырады. Есірткі препараттарын бірінші жылдары қолданған кездері ауруды жұқтырған соң нашәқорлардың үштен бірінде жедел вирусты гепатит басталады. Ауру нашәқорлардың арасында 40-60% аралас этиологиялы гепатит (В+С) дамиды, ал 30-40% - жедел вирусты С гепатиті, ал 20 -30% жағдайда жедел вирусты В гепатиті дамиды.

Нашақорлар арасындағы жедел вирусты гепатиттердің клиникасы жайлы айтар болсақ, «В» вирусты гепатиті көбінесе астеновегетатип және диспептикалық синдромдар дамуымен біртіндеп басталады. Әдетте науқастар сарғаю алдындағы кезеңде (3-14 күн) әлсіздікке, төбетінің төмендеуіне, құсқысы келу және дене қызуының көтерілуіне шағымданады, бас айналуы, буындары сырқырап, дене қышуы мен әртүрлі бөртпелер пайда болады, оң жақ қабырға астының ауырлауы байқалады. Нашақорларда гепатиттердің өту ағымының ерекшеліктерін көптеген зерттеушілер дәрілік заттардың бауырға токсикалық әсерінен және иммунды жүйенің өзгеруімен байланыстырады. Қазіргі кезде жиі қолданылатын препараттардың (кокаин, амфетамин, конопля өнімдері) тікелей әсер етуі

жөнінде мәліметтер жоқтың қасы. Бірақ та экспериментальды модельдерді зерттеулер нәтижесі бойынша холестазсыз гепатиттің дамуына метадон, морфин, диазепам әсер етеді; холестазды гепатитке мепробамат, фенобарбитал, ал бауырдың некрозына диазепам, фенобарбитал, галотан әкелетіні анықталған. Нашақорлық кезінде бауырды зақымдау факторына алкогольді пайдалану, дұрыс тамақтанбау, токсикалық қоспалардың әсер етуі жатады. Вирусты гепатиттердің ағымы көбінесе иммунды жүйенің бұзылуына байланысты болады. Іс жүзінде барлық есірткі заттар иммунодепрессивті әсерлі болып келеді. Иммунитеттің өзгергенін лейкоциттердің фагоцитарлы белсенділігінің төмендеуінен, В лимфоциттердің деңгейінің көтерілуінен байқалады.

Ал «С» вирусы гепатитімен науқастанғандардың жартысынан көбі есірткіні іне арқылы қолданатындар екені белгілі, сондықтан әдебиеттерде бұл аурудың нашақорлардың гепатиті деп атайды. Аурудың ағымы есірткі заттарды қолданудың салдарынан 90% жағдайда созылмалы түріне ауысады. Биохимиялық параметрлерді зерттегенде нашақорларға тән белгілер: қанда билирубин деңгейінің (150 мкмоль/л дейін) біртіндеп көтеріліп, үшінші аптаның соңына қарай қалпына келуі. АЛТ мен АСТ көрсеткіштерінің деңгейі әдетте 1500 - 2000 МЕ дейін көтеріледі. Көп жағдайда аурудың

Вирустық «В» гепатитінің алдын алу шаралары.

1. Үлкендер мен балаларға вакцинация (бала туғанына 14 күн; 2 және 4 ай толғанда, сонымен қатар әрбір 10 жыл сайын) жүргізіледі;

2. Әрбір адамның өзінің гигиеналық құралдары (тіс щеткасы және тағы басқалар);

3. Кездейсоқ адаммен жыныстық қатынаста болмау, мүшеқап пайдалану;

4. Татуировка, пирсинг, маникюр, педикюр жасардың алдында маман құралдарды дезинфекциядан өткізгеніне көз жеткізу; бір рет қолданатын құралдармен жұмыс істеуін талап ету;

5. «В» гепатитімен ауырған адам ағза, қан беруші бола алмайды;

6. Емдік-профилактикалық мекемелерде бір рет қолданылатын шприцтерді пайдалану, стерилизация және дезинфекция ережелері сақталу керек.

Өзіңіздің және туыстарыңыздың денсаулығына жауаптылықпен қараңыз!

**ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗДЫ
САҚТАНЫЗ!!!**

«Нашақорлықтың медициналық - әлеуметтік проблемаларының Республикалық ғылыми-практикалық орталығы» РМҚК клиникасының биохимиялық лабораториясының меңгерушісі, I санаттағы дәрігер

А.П. АХМЕТБЕКОВА.


**С. Торайғыров
атындағы ПМУ
Тілдер орталы-
ғы қазақ, ағылшын,
қытай, неміс,
араб тілдері кур-
старын жүргізіп
жатқандығын ха-
барлайды.**

Сонымен қатар Іс қағаздарын мемлекеттік тілге жүргізу, TOEFL, IELTS, АМБ (ПГК), ҰБТ (ЕНТ) дайындық және Магистратура мен PhD қабылдау емтихандарына дайындық курстары жүргізіледі. Курс соңында сертификат беріледі.

Мекен жайымыз:
Ломов көшесі, 64,
253 кабинет
8 (7182) 673687
(ішкі – 1347);
87003717338;
С. Торайғыров
атындағы ПМУ
Тіл орталығы



ЦЕНАБАНК



Цеснабанкке қош келдіңіздер!

Құрметті студенттер мен ұстаздар!
Сіздер үшін банк қызметтерінің қолайлы қызметтер тізімі:

- * ПМУ оқу төлемдердің қабылдау!
- * Жал ақы мен стипендия беру;
- * Қазақстан бойынша және дүние жүзілік тиімді аударымдар;
- * Жылдам аударымдар: western union, юнистрим, лидер;
- * Валюта айырбастау (тиімді курстер);
- * Занды тұлғаларға қызмет көрсету;

- * Депозиттер (ең аз бастапқы жарна 10 000 теңге);
- * Зейнетақы және жәрдемақы алу (арнайы есеп шотын ашу тегін);
- * Төлем карточкалары;
- * Тұтынушылық несиелеудің барлық түрлері және оны төлеу;
- * Коммуналдық төлемдер.

Естай к-сі, 134 ("КВАЗАР" СҮ-не қарама-қарсы, Пахомов к-нің бұрышы)



689-469, 627-266

www.tsb.kz

ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агентісінің 2009 жылғы 12 қазандағы № 1.2.74/74/29 лицензиясы

Құрылтайшы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор
Қ. Хашымқызы
Тілшілер
Э. Әбетжанова
Е. Гаркова
С. Буkenова
Прокмдеуші-беттеуші
Н. Яницкая

Ақылдастар алқасы:
Е.М. Арын
М.Х. Рақымжанова
Р.М.Таштемханова
Ж.Т. Сарбалаев
Н.А. Байгенже

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінде тіркеліп,
№ 1858-Г куәлігі берілген (02.04.2001)
Газет С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің
“Білік” газет редакциясының компьютерлік
орталығында теріліп, қатталды.

Таралымы 1500 дана.

Павлодар облыстық «Баспасөз үйі»
ЖШС баспаханасында басылды.
Павлодар қ., Ленин к., 143 үй
төп.: 61-80-31

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64,
427А - кабинет.

Байланыс тел/факс: 67-36-48

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Тапсырыс № 1775

www.psu.kz